

Конкурстық комиссияның "Майкаинзолото" акционерлік қоғамын сенімдік басқаруға беру шешімін бекіту және шетел инвестицияларын тарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 6 ақпандағы N 156

"Майкаинзолото" акционерлік қоғамының қаржылық-шаруашылық қызметін сауықтыру, инвестицияларды, үздік технологияларды тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Конкурстық комиссияның "Майкаинзолото" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін "BSB" қаржы-өнеркәсіп корпорациясының сенімдік басқаруына беру туралы шешімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Тендердің жеңімпазы - "BSB" қаржы-өнеркәсіп корпорациясымен "Майкаинзолото" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін басқару құқығына контракт жасасын;

"Майкаинзолото" акционерлік қоғамы белгіленген заң тәртібімен "Алтыналмас" акционерлік қоғамының құрамынан шығарылсын;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасына аталған контрактіні Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан жасауға уәкілдік берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару

жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі және "BSB" қаржы-өнеркәсіп корпорациясы "Майкаинзолото" акционерлік қоғамын инвестициялау мен жекешелендіру бағдарламасын енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі "Майкаинзолото" акционерлік қоғамына:

Мақайың "В"

Алпыс

Сувенир

Төртқұдық

Майқайың "Е"

Үштөбе

<*>

"Майкаинзолото" акционерлік қоғамы байыту фабрикалары мен кәсіпорындарының құрамына алтыны бар қалдықтары мен үйінділері бойынша лицензиялар ресімдесін.

"Майкаинзолото" акционерлік қоғамының кәсіпорындары үшін резерв қамтамасыз ету мақсатында "BSB" қаржы-өнеркәсіп корпорациясына

2 алтынды геологиялық барлауға арнап 4000 км алаң бөлінсін және "Майкаинзолото" акционерлік қоғамының жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарының ауданында оларға лицензия ресімделсін.

Ескерту. 4-тармақтың 1-абзацынан сөздер алынып тасталды -

ҚР Үкіметінің 1996.03.13. N 306 қаулысымен. P960306_

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі Г.Г.Штойкке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі